

№9 «Балауса» балабақшасы

« ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР »

«Балапан» тобы

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Н.Құтжанова

2021ж

Берілгенің
15.07.2021
Ақсаулы

Білім беру саласы: Денсаулық

Бөлімі: Дене шынықтыру

Тақырыбы: Ұлттық ойындар

Мақсаты: Балаларға ұлттық ойынымызды үйрету;

Қажетті құралдар: арқан, түлкі бетпердесі.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер мен балалар бүгінгі «Ұлттық ойындар» атты жарысына қош келдіңіздер!

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге қалған байлығымыз, асыл қазынамыз. Ұлттық ойындарымыздың балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойынын балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз.

Міне, балалар шықты алаңға,

Жас спортшылар жеке – жеке команда

Ал, балалар өздеріңді танытыңдар,

Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанды,

«Ура» деген ұранды біз тастаймыз

Жарысымызды ал енді бастаймыз

«Жеңіске жетеміз!» деп

Жалынды ұран тастаймыз.

Бүгінгі жарысқа қатысатын топтарды ортаға шақырайық.

1 - топ «Сұңқар»

Топ капитаны - Жуар

2 - топ «Ұлан»

Топ капитаны - Ерасыл

Балалар, сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз.
Ал, енді сайысымыздың шарттарымен танысайық...

1. Қуыр-қуыр қуырмаш

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: -ортанғы саусағымды тапшы,- дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап

бередүі.:басбармақ,балан үйрек,ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.Бес саусағын түгел жұмады.Тағы да бас бармағыннан бастап,былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де,жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр ,қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып,баланың алақанын қытықтайды.Осыларды істеп бола беріп:

-мына жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар - деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

2.Арқан тарту.

Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады.Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып,алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса ,құламаған бала жеңіске жетеді.

3.Түлкі мен балапандар

Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды.Топ ішінде

бір баланы «түлкі» етіп сайлап,қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетпердке кигізіп ойын ойналады.Ойында балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін,тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс.Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.

Ұлттық ойындар

Қуыр-қуыр қуырмаш



Арқан тарту



Түлкі мен балапандар



Қорытынды: Ойынға жақсы ат салысқан балаларды анықтап, мадақтау. Топтарды марапаттау.

№9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Көңілді балақайлар!

«Балапан» тобы

Дене тәрбиесінің нұсқаушысы: Құтжанова Н.

Қараша 2022 жыл

Жасалғаны
23.11.2022 ж
Ауғанбек

Тақырыбы: «Көңілді балақайлар!».

Максаты: Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Міндеті: Балаларға негізгі қимылдарды үйрету;

Балалардың ептілігі мен шапшаңдығын дамыту.

Түрі: Эстафеталық ойын.

Өтілетін орны: Спорт алаңы.

Көрнекілігі: түрлі - түсті шарлар, кедергілер, карзиналар, ысқырық, уақыт өлшеуіш.

Құрметті тәрбиешілер мен балалар, бүгінгі «Көңілді балақайлар» спорттық сайысына қош келдіңіздер! Көңілді жарысқа 2 топтың яғни, «Балапан» және «Ботақан» тобының балалары қатысады. Жарысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз.

Ұстанған салауатты өмір салтын,
Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,
Болашақ спортшылар келді ортаға
Қол соғып қарсы алайық, қане, халқым!

- Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділ - қазылар алқасымен танысайық. Әр кезең сайын әділ - қазылар өз бағасын береді.
- Спорттық сайысымыз 5 баллдық жүйемен бағаланады.

Салауатты өмір салтын сақтаңыз,
Жаттығудан ешқашан да қашпаңыз.
Бала бақша балалары
Парасатты, айбынды,
Болыңыз сіз сегіз қырлы, бір сырлы.

Топпен танысу

- «Балапан» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны: Спортпен достас, жалқаулықпен қоштас!

- «Ботақан» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны: Бәріміз – біріміз үшін, біріміз – бәріміз үшін!

- Жарайсындар балалар, олай болса жарысымызды бастамас бұрын денемізді

қыздырайық, сендерді ортаға дене қыздыру жаттығуына шақырамын.

- Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар! Сайысымызды бастаймыз.

I. Кезең. «Шармен жүгіру»

Шарты: Әр топтан бір-бір баладан қолдарына шарды ұстап алып мәреге жүгіреді, мәредегі кедергіні айналып қайтып келеді. Шарды келесі ойыншыға береді. Ойын осылай жалғаса береді. Ойынды бірінші болып бітірген топ жеңімпаз болып есептелінеді. Бағалау.

II. Кезең. «Шарларды себетке жинау»

Шарты: Балалар жерде шанылып жатқан шарларды түсіне қарап ажыратып себетке жинайды. Ойынды бірінші болып бітірген топ жеңімпаз болып есептелінеді. Бағалау.

III. Кезең. «Шарға еңбектеп келу»

Шарты: Балалар сөреден мәреге дейін еңбектеп келеді. Қай топ бірінші болып еңбектеп келеді сол топ жеңімпаз болып есептелінеді. Бағалау.

Көрсетгі міне өз өнерін балалар,

Сайыстың да соңы келіп таянар.

Жеңімпазды анықтайық қанекей,

Әділ - қазы сайысты әділ бағалар,- деп, сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды анықтап, марапаттау үшін сөз әділ - қазы алқаларына беріледі.

Спорт – көркі өмірдің,

Спорт - досың, серігің.

Жаттықсаң шымыр боларсың,

Шынығып, өсіп, толарсың, - демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік достар!

Анықтама

23.11.2022ж күні кіші «Балапан» тобына топ тәрбиешілерімен бірге «Көңілді балакайлар» атты спорттық сайыс өткіздік. Сайысқа 16 бала қатысты. Екі командаға бөліп жарыстырдық. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Балалар сайысқа керемет атсалысты. Әділ-қазылар алқасы барлық балаларды мадақтамамен марапаттап шықты.



«Балапан» тобы



«Ботақан» тобы

I-кезең



II-кезең



Бекітелді
17.03.2023
Құтжанова

№9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Денсаулық мерекесі

«ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР»

Кіші «Балапан»тобы

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Құтжанова Нұрсәуле

Наурыз, 2023ж

Ұлттық ойындар

Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық ойындары туралы мағлұмат беру. Ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру. Балалардың ойлау, көру, қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды ептілікке, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа, бірін-бірі сыйлауға тәрбиелеу.

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Сәлеметсіздерме балалар! Қалайсыздар? Көңіл күйлерің жақсы ма? Бүгін ерекше күн дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыстың Ұлы күні жыл басы саналған. Ұлыстың Ұлы күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаға киімдерін киген. Ауылдың ер-азаматтары бір-бірімен қос қолдап амандасып, төс қағысырған. Әйелдер құшақтасып, бір-біріне ізгі тілектерін айтқан. Бір-бірін иерекеге арнайылап жасаған Наурыз көжесіе арнап үйіне шақырған. Алтыбақан жанында ән айтып, күй тартып, дәстүрлі ұлттық ойындарымызды ойнаған.

Ұлттық ойындар ежелден ата-бабаларымыздан келе жатқан асыл мұрамыз. Ұлттық ойындар адамға күш қуат береді. Оны ойнаған бабалар епті, күшті, мықты, зерек, ақылды, шапшаң, мерген. Батыл болады екен. Сендер білесіңдер ме біздің көкпар, бәйге, арқан тарту, аударыспақ, теңге ілу, күрес, күш сынаспақ, қыз қуу, алтыбақан, орамал тастамақ, т.б. көптеген ұлттық ойындарымыз бар екенін.

Менің сіздерге арнайылап дайындап алып келген ұлттық ойындарымызды ойнайсыздарма балалар?

Алдымен балалар қонақтарымыз амандасып алайық. Сәлеметсіздерме!

Келіңдер, қол ұстасып тұрайық, дөңгелек шеңбер, киіз үй болып көрінер.

1-ойын. «Киіз үй»

Көтеріліп шаңырақ

Кергелер керілер

Уықтары шаншылып

Өрімдей болып өрілер

Қол ұстассақ айнала

Киіз үй болып көрінер

(балалар мәтінге сай қимыл-қозғалыс жасайды).

2. Ойын: «Бәйге»

Бәйгеге түсіп жарыспай,
Жүйріктің бағы жанар ма?

Мақсаты: тездікке, ептілікке, жылдам жүгіруге тәрбиелеу.

Ойын барысы: Балалар қатарласып, сызықтың ар жағында тұрады. Тәрбиеші сылдырмақпен белгі берген соң, балалар белгілі жерге жүгіріп (не атта шапқандай секіріп жүріп) барып, қайта қайтуы қажет. Бірінші келген бала жеңімпаз болады.

3. Арқан тартыс

Мақсаты: Күштілікке, бірлікке тәрбиелеу.

Ойын барысы: Ойынға 3 - 4 метр мата қажет (не арқан). Балалар екі жаққа бөлініп, бір - біріне қарама – қарсы тұрады. Тәрбиеші белгі берісімен екі топ екі жаққа тартады. Қай топ қарсыласын тартып әкетсе, сол топ жеңімпаз атанады.

Қорытындылау: Балалар сендерге бүгінгі ойнаған ұлттық ойындарымыз ұнады ма?

Ойынға жақсы атсалысқан балаларды мақтап, марапаттау.

АНЫҚТАМА

2023 жылдың наурыз айында «Балапан» тобында Ұлыстың ұлы күні «Ұлттық ойындар» атты денсаулық мерекесі болып өтті. Балалар «Арқан тарту», «Ат жарыс» ойындарын ойнады.



№9 «Балауса» бобекжай-балабакшасы МКҚК

Тексерілді
30.05.2023
Досжанова К

«От – өрісі кең түбір»

дене шынықтыру сауық кеші

Ересек «Балакай» тобы

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Құтжанова Н
Топ тәрбиешілері: Дауылова К. Досжанова А

Мамыр, 2023 жыл

От – өрісі кең түбір

Мақсаты: Өрттің қаншалықты қауіпті екені туралы балаларға түсіндіріп, білімдерін кеңейту. Өрттің алдын алуға балаларды ынталандыру. Адам өміріне өрттің зиянды екенін біле отырып сірінкені, тұрмыстық техникалық заттарды пайдалану қауіпсіздік ережелерін үйрету. Өрттен, оттан сақтану жолдарын үйрету. Оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын ұғындыру. Сонымен қатар оттың тілсіз жау екендігін ұқтыру.

Тәрбиеші: балалар біз бүгін қауіпсіздік ережелерінің бірі өрттің қаншалықты қауіпті екенін білейік. «От – досымыз, от – жауымыз». Жалпы «от» деген сөзді қалай түсінесіздер?

«От – досымыз» деген: от өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От – өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса тамақ піспейді, үй жылымайды. Ал тамақ ішпесек бойымызға қуат бітпейді. Бойымызда қуат болмаса өмірге деген қызығушылығымыз жоғалады. Отсыз тоңып, жаураған адам ешқандай еңбек те істей алмайды.

Сонымен от - өміріміз десек те, оның әлемі жайлаған алапаттың бірі - өрт қауіпін шығаратынын да естен шығармағанымыз жөн. Өзіміздің ұқыпсыздығымыздан кейде байқамай өрттің қалай күш алып кеткенін де байқамай қаламыз. От – өрісі кең түбір. Оттың пайдасымен қатар зиянды жағы да жоқ емес. Қандай зияны бар, балалар?

«Отпен ойнама, күйесің» дегендей оттың зиянды жақтарына тоқталсақ: Оттың зиянды жақтары: отты дұрыс пайдаланбаса, адам күйіп қалады.

«Өрттің шығу себептері»

1. Шылымның тұқылын сөндірмей тастаса;
2. Шырпымен ойнаса;
3. Үтікті қосып кетіп қалса;
4. Газды ашық қалдырып кетсе;

от – өрісі кең түбір демекші от бір тұтанып оны тез сөндіріп үлгермесе өрісін кеңге жаяды, лезде бәрін өртеп жоқ қылып жіберуі мүмкін. Сондықтан балалар отпен ойнамай, қауіпсіздік ережелерін сақтап жүрейік.

Сайысымызды бастамас бұрын әділ-қазы алғаларымен таныстырып өтейік:

Ал енді балалар біз сендермен қызықты ойын ойнайық. Қанекей тезірек екі топқа бөлінейік. 1-топ: «Өрт сөндірушілер»

2-топ: «Құтқарушылар»

1- «Болады, болмайды» ойыны

Шарты: балалардың қолына қызыл және көп түсті карточка береміз, қызыл түс болады, көк түс болмайды. Балаларға сұрақ қойылады, егер болса қызыл түсті карточканы көтереді. Егер болмаса көк түсті карточканы көтереді.

1. Өрт шыққан жерде қалуға ...
2. Өрт болған жағдайда 101 телефон шалуға
3. Сіріңкемен, шырпымен ойнауға ...
4. Үлкендерді айқайлап көмекке шақыруға ...
5. Өрт кезінде шкаф, кереует астына қорқып тығылып қалуға ...
6. Өрт кезінде терезені ашуға ...
7. Басымызды бет аузымызды ылғал сүлгімен орауға ...
8. Өртті сөндіру үшін су шашуға ...
9. Өрт сөндірушілердің айтқанын істеуге ...
10. Жанып тұрған отпен, газбен ойнауға ...

Жарайсыңдар балалар! Келесі ойынға кезек берейік.

2- «Кім шапшаң» ойыны

Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топтан бір-бір баладан сөреден бастап шеңберден секіріп өтеді, оттың үстінен аттап өтеді мәредегі телефонды алып өрт сөндірушілерге телефон соғады. Ойыншы кері жүгіріп қайтады. Ойынды келесі ойыншы жалғастырады. Ойын осылай жалғаса береді.

Жарайсыңдар балалар, сендер өте шапшаң екенсіңдер!

3- «От пен су» ойыны

Шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Әр топтың бір-бір ойыншысы қолдарына суы бар шелекті алып мәредегі оттың үстіне барып су құяды. Кері жүгіріп қайтады. Ойынды келесі ойыншы жалғастырады. Жарайсыңдар балалар, сендер жанып келе жатқан отты сөндірдіңдер. Сендер нағыз құтқарушылар екенсіңдер.

Ендігі кезекті әділ-қазы алқасына берейік, ойыншылардың ойнаған ойынына әділ бағаларын беріп өтсін, мақтау мадақтамаларын табыс етіп, жылы лебіздерін білдірсін.

АҢЫҚТАМА

30.05.2023 күні ересек «балақай» тобында топ тәрбиешілерімен бірге «От – өрісі кең түбір» атты спорттық сайыс өттік. Сайысқа 18 бала қатысты. Екі топ болып жарысты. Балаларға өрт қауіпсіздігі жайлы түсіндірме жұмыстар айттық. 1-ойында өртке байланысты сұрақ-жауап болды, балалар белсене жауап берді. 2-ойында оттардан алымдап секіріп өтіп, шеңберден секіру, құтқарушылар тобы жеңіске жетті. 3-ойында жанып жатқан отқа су құйып сөндіру, құтқарушылар тобы жеңіске жетті. Ойын соңында барлық балаларды мақтап-мадақтадық.



Тексерілді
17.04.2023
Қызылқандық

№9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Денсаулық мерекесі

«ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР»

Ортаңғы «Балдырған» тобы

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Құтжанова Нұрсәуле

Наурыз, 2023ж

Ұлттық ойындар

Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық ойындары туралы мағлұмат беру. Ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру. Балалардың ойлау, көру, қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды ептілікке, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа, бірін-бірі сыйлауға тәрбиелеу.

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Сәлеметсіздерме балалар! Қалайсыздар? Көңіл күйлерің жақсы ма? Бүгін ерекше күн дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыстың Ұлы күні жыл басы саналған. Ұлыстың Ұлы күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаға киімдерін киген. Ауылдың ер-азаматтары бір-бірімен қос қолдап амандасып, төс қағысырған. Әйелдер құшақтасып, бір-біріне ізгі тілектерін айтқан. Бір-бірін иерекеге арнайылап жасаған Наурыз көжесіе арнап үйіне шақырған. Алтыбақан жанында ән айтып, күй тартып, дәстүрлі ұлттық ойындарымызды ойнаған.

Ұлттық ойындар ежелден ата-бабаларымыздан келе жатқан асыл мұрамыз. Ұлттық ойындар адамға күш қуат береді. Оны ойнаған бабалар епті, күшті, мықты, зерек, ақылды, шапшаң, мерген. Батыл болады екен. Сендер білесіңдер ме біздің көкпар, бәйге, арқан тарту, аударыспақ, теңге ілу, күрес, күш сынаспақ, қыз қуу, алтыбақан, орамал тастамақ, т.б. көптеген ұлттық ойындарымыз бар екенін.

Менің сіздерге арнайылап дайындап алып келген ұлттық ойындарамызды ойнайсыздарма балалар?

Алдымен балалар қонақтарымыз амандасып алайық. Сәлеметсіздерме!

Мен ең қызық деген үш ойын дайындап келдім, қанекей ортаға келіңіздер, бәрәміз бәрге ойнап көрейік.

1-ойын. «Ханталапай» ойыны

2-ойын. «Қол күрес» ойыны

3-ойын. «Арқан тарту» ойыны

4-ойын. «Ат жарыс» ойыны

Ойын соңында жеңімпаздарды сыйлықпен марапаттап мадақтау.

АНЫҚТАМА

2023 жылдың наурыз айында «Балдырған» тобында Ұлыстың ұлы күні «Ұлттық ойындар» атты денсаулық мерекесі болып өтті. Балалар «Ханталапай», «Қол күрес», «Арқан тарту», «Ат жарыс» ойындарын ойнады.



№9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Спорт өмір көркі

«Балдырған» тобы

Дене тәрбиесінің нұсқаушысы: Құтжанова Н.

Қараша 2022 жыл

Тасеет'18'
24.11.2018
Тасеет

Тақырыбы: «Спорт өмір көркі».

Мақсаты: Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Міндеті: Балаларға негізгі қимылдарды үйрету;

Балалардың ептілігі мен шапшаңдығын дамыту.

Түрі: Эстафеталық ойын.

Өтілетін орны: Спорт алаңы.

Көрнекілігі: түрлі - түсті шарлар, кедергілер, карзиналар, ысқырық, уақыт өлшеуіш.

Құрметті тәрбиешілер мен балалар, бүгінгі «Спорт өмір көркі» спорттық сайысына қош келдіңіздер! Көңілді жарысқа 2 топтың яғни, «Балапан» және «Ботақан» тобының балалары қатысады. Жарысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз.

Ұстанған салауатты өмір салтын,
Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,
Болашақ спортшылар келді ортаға
Қол соғып қарсы алайық, қане, халқым!

- Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділ - қазылар алқасымен танысайық. Әр кезең сайын әділ - қазылар өз бағасын береді.
- Спорттық сайысымыз 5 баллдық жүйемен бағаланады.

Салауатты өмір салтын сақтаңыз,
Жаттығудан ешқашан да қашпаңыз.
Бала бақша балалары
Парасатты, айбынды,
Болыңыз сіз сегіз қырлы, бір сырлы.

Топпен танысу

- «Толағай» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны: Спортпен достас, жалқаулықпен қоштас!

- «Қайсар» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны: Бәріміз – біріміз үшін, біріміз – бәріміз үшін!

- Жарайсындар балалар, олай болса жарысымызды бастамас бұрын денемізді қыздырайық, сендерді ортаға дене қыздыру жаттығуына шақырамын.

- Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар! Сайысымызды бастаймыз.

I. Кезең. «Шармен жүгіру»

Шарты: Әр топтан бір-бір баладан қолдарына шарды ұстап алып мәреге жүгіреді, мәредегі кедергіні айналып қайтып келеді. Шарды келесі ойыншыға береді. Ойын осылай жалғаса береді. Ойынды бірінші болып бітірген топ жеңімпаз болып есептелінеді. Бағалау.

II. Кезең. «Доп пен шеңбер»

Шарты: Әр топтан бір-бір баладан допты алып мәреге қарай секіреді, мәреге допты қойып, шеңберді көтеріп алады да сөреге қарай жүгіреді. Ойын осылай жалғаса береді. Қай топ ойынды бірінші болып аяқтаса сол топ жеңіске жетеді. Бағалау.

III. Кезең. «Шарға еңбектеп келу»

Әр топтан бір-бір баладан мәреге қарай еңбектеп барады. Мәреде жерде шашылып жатқан шарларды түсіне қарап ажыратып біреуін себетке салады. Сосын сөреге қарай жүгіреді. Ойын осылай жалғаса береді. Шарларды бірінші болып жинап бітірген топ жеңімпаз болып есептелінеді. Бағалау.

Көрсетті міне өз өнерін балалар,

Сайыстың да соңы келіп таянар.

Жеңімпазды анықтайық канекей,

Әділ - қазы сайысты әділ бағалар,- деп, сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды анықтап, марапаттау үшін сөз әділ - қазы алқаларына беріледі.

Спорт – көркі өмірдің,

Спорт - досың, серігің.

Жаттықсаң шымыр боларсың,

Шынығып, өсіп, толарсың, - демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік достар!

Анықтама

24.11.2022ж күні «Балдырған» тобында топ тәрбиешілерімен бірге «Спорт өмір көркі» атты спорттық сайыс өткіздік. Сайысқа 16 бала қатысты. Балаларды екі командаға бөлдік. Сайыс III кезеңнен тұрды. Балалар сайысқа өте жақсы атсалысты. Соңында балабақша меңгерушісі Ш.Муберекова балаларды мадақтамамен марапаттады.



I-кезең



II-кезең



III-кезең



Қорытынды: